

Решение этих задач возможно посредством увеличения часов производственной практики обучаемых в научной организации, посредством их непосредственного участия в выполняемых научно-исследовательских проектах. При этом большое значение имеет тот факт, когда обучаемые, занятые в выполнении реального проекта, самостоятельно получают положительный результат и осознают, что они внесли определенный вклад в решение конкретной проблемы – это их стимулирует с большей ответственностью подходить к работе, они втягиваются в дело, начинают им «болеть».

С учетом кластерного подхода в развитии горно-металлургической отрасли реализация дуального образования в ходе подготовки кадров для ГМК представляется наиболее эффективной в вузах, тесно связанных с производственными предприятиями для обеспечения подготовки студентов в соответствии с профильной направленностью того или иного кластера. Большое значение должно быть уделено организации на высоком уровне исследовательской работы как неотъемлемого структурного элемента в подготовке специалистов высшей квалификации для разработки и адаптации инновационных решений, созданию и освоению новых технологий, техники, металлопродукции высокой товарной готовности. Следовательно, модернизация системы непрерывной профессиональной подготовки кадровых ресурсов и их закрепления в отрасли должна явиться одной из ключевых составляющих кластерного развития горно-металлургического комплекса. Представляется возможным предусмотреть формирование целевых заказов на подготовку специалистов на основе соглашений путем привлечения частных инвестиций и спонсорских средств.

Ведомственная ориентированность вуза и тесная связь с предприятиями кластера обеспечит конструктивный подход к созданию и реализации программы прогнозирования, планирования и управления кадровыми ресурсами, а также повышение эффективности использования кадрового потенциала в каждом отдельном кластере, соответственно и в отрасли в целом.

БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тлеужанова Г.К., п.ғ.к., доцент, Маденятова А.М., магистрант
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университеті
Қарағанды қ.,Қазақстан Республикасы.

Мақалада ЖОО-да білім алу барысында студенттерді кәсіби дайындаудың ерекшеліктері қарастырылған. Жаңа буын лингвист-мамандарының кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыруға зейінбөлінген: шетел тілін меңгеру, этнографиялық және лингвоэтанушылық білімдер, тіл тасушылардың эмоцияларды, мимика, дене кимылдарын қолдануды иемдену дағдылары, оқытылатын тіл елдерінің мәдени мұрасын қолдана білу және т.б.

Түйін сөздер: кәсіби, кәсіптік дайындық мәселелері, шетел тілі, лингвист-студент, факторлар, болашақ маман, білім берудің негізгі мақсаты.

Кәсіби қызметке дайындау үрдісі жүйе ретінде көптеген факторлар әсерінен қалыптасады және кем дегенде үш деңгейде қарастырылады: үрдіс ретінде, қалып ретінде және нәтиже ретінде. Бұл болашақ маман кезекті кәсіби міндеттерді табысты орындау үшін қажетті кәсіби білім мен тәжірибені меңгеру болып табылады.

Біздің зерттеуімізде студенттерді-болашақ шетел тілі мұғалімдерін – кәсіби дайындау өзіне студенттердің жалпы және арнайы білімдерді игеруді және оларды тәжірибеде қолдануды, болашақ кәсіби қызметінде қолдануға тура келетін танымдық, тәжірибелік сипаттағы кәсіби міндеттерді табысты орындау үшін біліктер мен дағдыларды игеруді, болашақ лингвист үшін маңызды кәсіби қасиеттерінің қалыптасуын қосады.

Кәсіби лингвистикалық білім берудің негізгі мақсаты – деңгей мен бағдарға сәйкес келетін, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, өз мамандығын жетік меңгерген және қызметінің сабақтас облысында еркін бейімделетін, үнемі кәсіби тұрғыдан өсуге, әлеуметтік кәсіби мобильділікке дайын білікті маман дайындау.

Заманауи білім беру жағдайы кәсіптік дайындық мәселелерін шешуге бағытталған келесі тұжырымдамалармен көрсетілген: тұлғалық бағытталған (Д.А. Белухин, И.А. Зимняя, В.В. Серикова, И.С. Якиманская және т.б.), білім беру үрдісінің мазмұны, түрлері және ұйымдастырылуына мәнмәтіндік ыңғай табу (А.А. Вербицкий), оқыту-тәрбиелеу үрдісіне тұтастық тәсілдеме (Ю.К. Бабанский), технологиялық тәсілдеме (В.Д. Шадриков), шығармашылық тәсілдеме (В.А. Кан-Калик).

Жоғарыда аталған тәсілдемелер лингвист студенттерді кәсіби дайындау процесінде өзара байланысты және өзара шарттасқан.

Студенттерді лингвистикалық дайындау ерекшелігін ескере отырып келесі тәсілдемелерді атап өту қажет: біліктіліктік, мәдениеттанушылық, лингвоелтанушылық, лингвистикалық, коммуникативтік, әлеуметтік-мәдени тәсілдеме. Лингвисттерді кәсіби дайындаудың бұл тәсілдемелерін талдау шетелдік білім беруде тілдік және әлеуметтік-мәдени білімдер, сөйлеу, әлеуметтік-лингвистикалық және әлеуметтік-мәдени біліктері мен дағдылары сияқты құрауыштары туралы барлық ғалымдардың пікірлері бір-біріне сәйкес келетінін көрсетеді [1, 2, 3].

Осылайша, жоғарыда аталған тәсілдемелер мамандықты игерудің тұлғалық деңгейін қамтамасыз ете отыра, ЖОО-да болашақ маманның шығармашылық даралығын және кәсібилігін аша және қалыптастыра отырып, лингвист студентті дайындауда үлкен рөл атқарады.

Шетел тілі оқу пәні ретінде өзінің міндеттерін тек оқу процесінің барлық аспектілері (шетелтілін оқыту, қарым-қатынасқа үйрету, кәсіби лексиканы анықтау, кәсіби лексикаға оқыту, кәсіби тілде қарым-қатынас жасауға үйрету) тең жағдайда қарастырылған жағдайда ғана толыққанды орындай алады, бұл студент тұлғасын қалыптастыру үшін маңыздылығы тұрғысынан олардың тең құқықтығын білдіреді.

Болашақ лингвист маманның кәсіби біліктілігін қалыптастыру мәселесі мәнмәтінінде және жаңа саяси-әлеуметтік және экономикалық жағдайларды ескере отырып кәсіби шетелдік қарым-қатынасқа қабілеттілік пен дайындық ерекше мағынаға ие болады және аса білікті лингвист-мамандарды дайындаудың маңызды бөлігі болады.

Сонымен қатар, болашақ лингвисттерді кәсіби дайындаудың негізінде жатқан біліктілік тәсілдемесіне тоқталып өту қажет [4, 5, 6].

Ғалымдар жұмыстарына талдау жасау «біліктілік» және «құзыреттілік» ұғымдарын бөліп қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Құзыреттілік» біреудің өкілеттіктерінің аясы; бұл адам тәжірибе мен танымға ие сұрақтар аясында; құзыретті адам кең танымға және тәжірибелік қызметтің тәжірибесіне ие білім немесе тәжірибе аясы ретінде қарастырылады.

«Біліктілік» ұғымы бір нәрсеге талдау жасауға мүмкіндік беретін құзыреттіліктерге, білімдерге ие болу дегенді білдіреді; қандайда бір облыста жан-жақты білімдерге ие және оның пікірі салмақты, беделді болады.

Осыған байланысты құзыреттілік – бұл белгілі бір саладағы білімдер мен тәжірибе, біреудің хабардарлығының аясы, ал біліктілік – бұл құзыреттілікке ие болу екендігіне көңіл аударылады [7].

Көптеген зерттеушілердің ойынша, кәсіби біліктілік болашақ маманның кәсіби қызметтің барлық аясында тұрақты өмірлік іс-әрекетін қамтамасыздандыруға қабілетті маңызды факторларының бірі болып табылады. Және де ол студент-болашақ лингвисттердің жемісті қызметінің кәсіби қызметті орындауға қажетті кәсіби білімдерден, біліктер мен дағдылардың тұратын қажетті шарты болып табылады.

Осылайша, жаңа буын шетел тілі мұғалімінің тұлғасын қалыптастыру үшін оның фундаментализациясын, гуманитаризация, гуманизация мен дифференциациясын, сонымен қатар, инновациялық педагогикалық технологияларды әзірлеу мен қолдануды ескеретін жоғарғы лингвистикалық білімінің мазмұнының өзгеруі негіз болады.

Оқу іс-әрекеті барысында қызмет субъектісінің қалыптасуы болады, бұл айтарлықтай адамның жеке ерекшеліктеріне байланысты және оның барлық маңызды күштерінің тұтас дамуы мен жетілуіне бағытталған. Зерттеушілер ЖОО-да оқу іс-әрекеті өзіне келесі кезеңдерді қосқан жағдайда тұтас болады деген тұжырымға келді: қажеттіліктің туындауы, мақсатты тұжырымдау, іс-әрекетті жоспарлау, жоспарды нақты орындау, өзін-өзі бақылау, іс-әрекет өнімін иемдену жолымен қажеттілікті қанағаттандыру [8].

Сонымен бірге, оқу іс-әрекетінің құралдары арқылы студенттер тұлғасының кәсіби дамуы және қалыптасуы жүзеге асады, атап айтқанда:

- 1) әлемге деген эмоционалды-бағалаушылық көзқарас, сезімдер, эмоциялар дамиды;
- 2) студенттердің тұлғалық және кәсіби өзіне-өзі анықтау, олардың әлеуметтік бейімделуі қамтамасыздандырылады.
- 3) студенттің мәдениетаралық әрекеттестік субъектісі ретінде, әлемдік қауымдастықтағы интеграциялық үрдістер қатысушысы ретінде белсенді коммуникативті позициясы қалыптасады;
- 4) тіл тапқыштық, қарым-қатынас мәдениеті, төзімділік, мақсаттылық, ынтымақтастықта жұмыс істей білу, жауапкершілік, дербестік, шығармашылық белсенділік сияқты тұлғалық сапалар дамиды;

5) зияткерлік және танымдық қабілеттердің дамуы қамтамасыз етіледі, соның ішінде, шетел тілін дербес және үздіксіз үйренуге қабілеттілік және дайындық, соның көмегімен әрі қарай өз бетімен білім алу;

6) жемісті шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі жетіледі, оқытылатын тілді қолдану арқылы ғылыми зерттеу әрекетінде тәжірибе жинақталады;

7) ЖОО-да мамандық бойынша базалық білім аясында алынатын қызметтің кәсіби тәжірибесі жинақталады [9].

Осылайша, тілдік білім беру студент-лингвисттердің тұлғасын қалыптастыруға кең мүмкіндіктер береді.

Осыған байланысты шетел тілі мұғалімінің кәсіби іс-әрекетінің негізгі компоненттеріне қатысты біздің позициямызды анықтаған жөн. Зерттеуімізде құрылымдық тәсілдемеге ерекше көңіл бөле отырып, біз, И.В. Кузьмина мен Л.А. Щелкуноваға ере отырып, шетел тілі мұғалімінің кәсіби қызметін конструктивті іс-әрекет (оқу-тәрбие жұмысын іріктеу, құру және жобалау), ұйымдастырушылық іс-әрекет (өзінің педагогикалық жұмысына және балалардың тәртібі мен іс-әрекетіне байланысты) және коммуникативті іс-әрекет (педагогикалық қарым-қатынас) деп бөлеміз [10,11]. Педагогикалық іс-әрекеттің бұл түрлерін жүзеге асыру үшін сапалы және жан-жақты дайындық қажет, ал шетелтілі мұғалімінің мұндай кәсіби дайындығының негізгі компоненті болып шетел тілін кәсіби меңгеру саналады.

Шетел тілі мұғалімі оқытылатын тіл елдерінің мәдениетінің тарихы аясында кең білімдерге ие болуы, этнографиялық және лингвоелтанушылық сипаттағы ерекшеліктерді түсіне алуы (әсіресе, тіл тасушыларының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, мерекелерін, діни рәсімдерін білу), нақты шеттілдік мәдениетке байланысты негізгі паралингвистикалық қорға ие болуы (тіл тасушыларының мимикасының, ишарасының ерекшеліктері түсіне білу), белгілі бір тілде сөйлейтін халықтың музыкалық мұрасы жайлы хабардар болуы (соның ішінде, халық әндерін білу, оларды орындай алу) тиіс.

Шетел тілі мұғалімінің кең кәсіби құзыреттілігінің бұл компоненттері мұғалімге бар оқу құралдарын толықтыруға көмегін тигізуі тиіс, тілді оқытудың үрдісін түрлендіру ғана емес, сонымен қатар белгілі бір тіл тасушыларының ұлттық ділінің ерекшеліктерімен оқушыларды таныстыру барысында септігін тигізуі тиіс.

ЖОО-да лингвистикалық дайындық барысында студенттерде қажетті кәсіби білімдерді, біліктер мен дағдыларды қалыптастырудың отандық жүйесін жетелдіру үшін осы дайындықты жүзеге асыратын батысеуропалық оқу орындарының педагогикалық тәжірибесінің келесі элементтерін қазақстандық жағдайларға бейімдеген жөн: біріншіден, абитуриенттерді тек шетел тілін меңгеру деңгейіне қарай емес, сонымен қатар, кәсіби және кәсіби емес маңызды сапалардың базалық құрылымдарын анықтау негізінде кәсіби түрде іріктеу; екіншіден, ЖОО-да болашақ маман білімі мазмұнын прагматизациялау, яғни білімнің біліктік-дағдылық компонентіне сүйене отырып, маман моделінен шыға отырып, білім мазмұнының құрылымын жасау; үшіншіден, болашақ лингвисттің ана және шетел тілдерін практикалық құрал деңгейінде кәсіби меңгеруін қамтамасыз ету; төртіншіден, болашақ мамандарға шетел тілін кәсіби іс-әрекет ретінде үйрету; бесіншіден, студенттердің өзінің кәсіби тұлғасын дамыту және өзін-өзі дамыту бойынша өзіндік жұмысын ұйымдастыру, болашақ мамандарға оқытылатын тіл елінде машықтану мүмкіндігін жасау [12].

Ақпараттық қауымдастықта студент тұлғасын болашақ кәсіпқой-лингвист ретінде қалыптастыру тілдік құзыреттіліктің белгілі бір деңгейімен қарым-қатынас жасауға деген нақты қабілеттерді қалыптастыру барысында жүзеге асады, яғни басқа тілді мәтіндерді түсіне білу (тыңдап түсіну және оқып түсіну), ақпаратты байланысқан, дәлелді сөйлемдермен жеткізе білу (сөйлеу, жазу), өзінің сөйлеу тәртібін жоспарлау.

Сонымен бірге, студенттің кәсіби лингвистикалық дайындығы өзіне тіл және тұлғааралық қатынас аясында белгілі бір білімдер, біліктер мен дағдылар қорынан тұратын ақпараттық-тұлғалық деңгейді, болашақта кәсіби сұранысты қамтамасыз ету мақсатымен жеке ақпараттық өріс жасауды қосады.

Шетел тіліне үйрету бойынша негізгі оқу бағдарламасының мазмұнын және оған қойылатын талаптардың жалпы мазмұнын зерттеу барысында, біз, талдай отыра:

- студент пен оқытушы қарым-қатынасының түрі тек үйрету емес, өзара ақпарат алмасу (интерактив) екендігіне;

- қатысушылар арасындағы қарым-қатынас сипаты оқыту процесінен максималды қайтарымға қол жеткізу мақсатымен оқытушы мен студенттің ынтымақтастығына акценттелгендігіне;

- рухани күшті, коммуникативті және тілдік қабілеттер мен біліктерді дамыту студенттің тұлғасын және кәсіби өсуіне мүмкіндік беретіндігіне сүйенеміз.

Шетел тілін үйрену, ең алдымен, қалыптасқан шеттілдік коммуникативті құзыреттілікті студенттің бейінді бағытының және өзін-өзі анықтаудың құралы ретінде шет тілін қолдануды қамтамасыз ететін оның барлық құрауыштарының бірлігінде тілдік, сөйлеу, мәдени-әлеуметтік, оқу-танымдық құзыреттіліктерді әрі қарай дамыту және жетілдіруге бағытталған [9].

Заманауи шетел тілін оқыту оны үйрететін студенттерге басқатілді мәдениетті дағдыландырусыз мүмкін емес. Шетел тілін оқыту үрдісі тек білім беру, біліктер мен дағдыларды қалыптастырумен ғана емес, сонымен қатар, тұлғаның қалыптасуына әсер етуімен сипатталады. Бөтен тілді игере отырып, адам жаңа ұлттық мәдениетке енеді.

Лингвистикалық білім беру мәдениет негіздері қаланатын және құндылықтар тарлатын ортаған айналуы тиіс.

Шетел тілін оқыту уәждемесін жоғарылату, үйренушінің қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып, оның сөздік қорын кәсіби терминдермен байыту, біздің ойымызша, шетел тілін аңғұрлым саналы түрде үйренуге алып келеді. Лингвист-студенттерге шетел тілін үйрету тәжірибесі шетел тілін үйренудің бастапқы және ортаңғы деңгейінде уәждемені жоғарылату ынталандырмасы дәл лексикалық компонент екенін көрсетті. Шетел тілін жалпы деңгеймен қоса кәсіби білу адамдар арасындағы қарым-қатынаста еркіндік пен тәуелсіздіктің дамуына септігін тигізеді, оларға дербес қимылдауға және жеке коммуникативті мақсаттарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Лингвист-студенттердің кәсіби дайындығын оңтайландыру, біздің ойымызша, нақты әлеуметтік коммуникативті жағдайларда мамандарға тиімді өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін лингвистикалық, әлеуметтік-лингвистикалық, мәдени, стратегиялық және дискурсивті білімдер, біліктер мен дағдылар жүйесін студенттер-болашақ шетел тілі оқытушыларының тиімді меңгеруінің жағдайларын анықтауды, сонымен қатар, бар білімді педагогика, психология және шетел тілін оқыту әдістемесі аясында қолдана білу қабілетімен дағдыларына ие болуды білдіреді.

Әдебиеттер:

1. Бабаянц В.А. Организационно-методическое обеспечение культурологической направленности профессиональной подготовки будущих лингвистов: Автореф. дис.... канд. пед. наук. Ставрополь, 2009.
2. Гальскова Н. Д. Современная методика обучения иностранным языкам. М., 2000.
3. Леонтьев А.А. Психолого-педагогические основы обновления методики преподавания иностранных языков. М., 1998.
4. Смятских А.Л., Туркина Т.М. Формирование профессиональной компетентности студентов педколледжа. М., 2003.
5. Шишов С.Е. Понятие компетенции в контексте качества образования // Стандарты и мониторинг в образовании. 1999.- № 2.
6. Юдин В.И. Развитие профессиональной компетентности учителя в процессе освоения вариативных педагогических технологий: Автореф. дис. ... канд. пед. наук. СПб., 1996.
7. Артамонова Л.С. Подготовка студентов гуманитарных вузов к иноязычной профессиональной коммуникации: Дис. ... канд. пед. наук. М., 2008.
8. Кунанбаева С. С. Современное иноязычное образование: методология и теории - Алматы : [б. и.], 2005. – 264 стр.
9. Клименко Н.В. Социально-культурное формирование личности студентов в процессе языкового образования: Автореф. дис. канд. пед. наук. М., 2007.
10. Кузьмина Н.В., Реан А.Л. Профессионализм педагогической деятельности. СПб., 1993.
11. Щелкунова Л.А. Подготовка будущих учителей к взаимодействию с учащимися в процессе педагогической практики: Дис. ... канд. пед. наук. Ярославль, 1997.
12. Прозорова М.И. Формирование профессионально важных качеств переводчика у студентов-лингвистов в процессе обучения в вузе: Дис. ... канд. пед. наук. Калининград, 2004.